

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгертулер мен толықтырулар «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже» бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны статусына ие болуына байланысты диссертациялық кеңестер дербес құрылды. Соған сәйкес «6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Басқарма Төрағасы - ректор м.а. № 03-05/370 бұйрығымен 2020 жылы қараша айының 03 күні құрылып, төрағасы педагогика ғылымдарының докторы профессор Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы болып бекітілді.

Диссертациялық кеңеске 6D010300 - «Педагогика және психология», 6D010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру, қорғату үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілген.

Аталған кеңестің жалпы құрамы 12 адам. 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша – 6. 6D010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша - 6.

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2020 жылы қабылданған Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сай Диссертациялық кеңесте екі шетелдік ғалым: Трапицын Сергей Юрьевич – п.ғ.д., 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша мүшесі. А.И.Герцен ат.РМПУ, РФ. Білім беру менеджменті және персоналды басқару кафедрасының меңгерушісі.

2. Аста Вайткевичина – п.ғ.д., 6D010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша мүшесі. Шяуляу университеті. «Білім беру ғылымдары және әлеуметтік әл-ауқатты зерттеу» Арнайы педагогика кафедрасы доценті.

1.Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер

2020 жылы «6D010300 - Педагогика және психология», «6D010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Диссертациялық кеңестің екі мәжілісі өткізілді. Екеуі де «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша диссертация қорғады. Соның ішінде, 3-жұмыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, 1- жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

Аталған 4- диссертациялық жұмыс та қазақ тілінде орындалған. Қорғау барысында докторанттар презентациялар дайындап, қорғау қазақ тілінде баяндалды.

2. Оқу орны керсетілген докторанттың тізімі

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып мынадай уақыттарда өткізілді:

1. Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызы - 30 қаңтар, сағат 14.00

2. Айтенова Эльмира Абдикалиевна - 30 желтоқсан сағат 9.00

3. Есимғалиева Тлекши Махсотовна - 30 желтоқсан сағат 11.00

4. Атабекова Бактыгул Ботабековна - 30 желтоқсан сағат 14.00

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді және практикалық бағыттылығы бар.

1. Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызы. Диссертация тақырыбы: «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» 6D010300 — «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған.

Отандық ғылыми кеңесшілері:

Камалбек Мейірбекович Беркимбаев - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Гүлжан Жолаушиевна Ниязова- педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Вадим Валерович Гриншкун - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Рецензенттер:

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абишев Нұрлан Акашевич.**

PhD доктор **Алимбекова Анар Аймолдаевна.**

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

Зерттеудің өзектілігі.

Жоғары білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандырумен қатар, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасауда. Бұл мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру, жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктері, мүмкіндіктерін зерделеу негізінде білім беру жүйесінің сапасын арттыруды көздейді. Осы бағытта мемлекеттік деңгейде іргелі жұмыстар іске асырылуда. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл

үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деп жоғары оқу орындарына үлкен талаптар қойылатындығын атап айтты. Ал, бұл Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында «Адами капиталды дамыту, ғылым мен инновацияларды дамыту саласындағы реформалар Қазақстанда білім экономикасын құруға бағытталатын болады, ол экономика өсуінің, оны әртараптандырудың және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қозғаушы күші болып табылады. ... Ол үшін біліктіліктің жаңа жүйесі құрылады, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сай келетін кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламалары әзірленеді» деп нақтыланса, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...білім берудің барлық буындарында жүйелі өзгерістерге көшу жолымен білім берудің сапасын жақсарту арқылы білікті кадрлардың қолжетімділігін арттыру» мақсаты қойылған. Осы орайда, жоғары білім беру жүйесін әлемдік деңгейде мойындалған дамыған елдердің озық оқыту жүйелері деңгейіне жеткізу «100 нақты кадам» Ұлт жоспарында «... даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» арқылы анықталған. Бұл өз кезегінде Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында «...Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деп жоғары оқу орындарына болашақ мамандарды даярлауда салмақты міндеттер жүктелетіндігімен белгіленсе, бұл міндеттерді іске асырудағы негізгі талаптар 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында «... жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі» деуімен нақтыланды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми-практикалық және әдіснамалық алғышарттары анықталды;
2. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды;
3. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі даярланды;
4. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыруға арнап даярланған оқу - әдістемелік кешен оқу үдерісіне ендірілді: -

«Көшбасшылық теориясы» элективтік курсының оқу-әдістемелік кешені; - «Педагогика. Көшбасшылық теориясы» атты оқу құралы; Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында жаратылыстану мамандықтары студенттерін кәсіби даярлау үдерісіне, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, көпсалалы колледждерде, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

2 Айтенова Эльмира Абдикалиевна. Диссертация тақырыбы: «Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру».

Ғылыми кеңесшілері:

Әбдіғапбарова Ұлжарқын Мүсілімқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Юджель Гелишли – доктор, Гази университетінің профессоры, Түркия мемлекеті.

Рецензенттер:

Таубаева Шаркуль Таубаевна – педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының профессоры.

Нуржанбаева Жанат Оралбайқызы – PhD доктор, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемімен жоғары деңгейі талап етіледі.

Осыған байланысты педагогтардың кәсіби даярлығын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауларында мұғалімдер даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген. Елбасы «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса

маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттелген.

Ал бұл болса, болашақ педагогтардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды.

2 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды.

3 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды.

4 Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **психологиялық** қамтамасыздандыру:

- *Психотехнологиялық бағдарлама*

2) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **теориялық** қамтамасыздандыру:

- «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курс бағдарламасы;

- «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумы;

- «Дуальді білім берудің теориясы мен тәжірибесі» оқу-әдістемелік құрал;

- «Дуальді білім берудің теориясы мен тәжірибесі» оқу-әдістемелік құралына авторлық куәлік.

3) Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды **практикалық** қамтамасыздандыру:

- «Мектеп-колледж-ЖОО» өзара әрекеттестігінің механизмі;

- Педагогикалық практика көлеміне және мазмұнына қосымшалар.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

3. Есимғалиева Тлекши Махсатовна. Диссертация тақырыбы: «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру».

Ғылыми кеңесшілері:

Көшербаева Әйгерим Нұрәліқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Гиясеттин Айташ – доктор, Гази университетінің профессоры, Түркия мемлекеті.

Рецензенттер:

Кудайбергенова Кульзада Саековна - педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Жалпы педагогика» кафедрасының доценті.

Туребаева Шынар Мараловна - PhD докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстанның стратегиялық міндеті әлемнің дамыған отыз елінің қатарына кіру және әлемдік білім беру кеңістігінің қосылу жаңа басымдықтарды талап етеді. Қазіргі білім беру талаптарына сәйкес келетін кәсіби білімі, білік, дағдылары, жеке қасиеттері дамыған бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау маңызды болып табылады.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауында білім беру мекемелерінде болашақ мамандарды даярлаудағы басты басымдық еңбек нарығында талап етілетін сапалылықпен құзыреттерді қалыптастыруға негізделетіні атап көрсетілген.

Қазіргі заманғы нарықтың көптеген айқын көрсеткіштерімен қатар, көптілділік феномені өз деңгейінде көрінеді. Дамыған қоғамда болашақ мамандар кәсіби құзыретті, тілдерді және коммуникативті қасиеттерді меңгеруі керек екендігі күмән тудырмайды.

Бұл зерттеу жұмысы білім беру жүйесінде жаңа формациядағы педагог-психолог мамандығына деген сұраныстардың өзекті болуымен қатар, болашақ педагог-психологтарды даярлауға арналған әлеуметтік тапсырыстармен қазіргі заманғы ЖОО-ның арасында болашақ педагог-психологтарды қалыптастырудың қажеттілігі арасында, көптілді қоғам жағдайлары мен олардың білім беру бағдарламаларына жеткіліксіз енгізілуіне негізделген қазіргі заманғы кәсіби құзыреттерді осы қызметті іске асыруды қамтамасыз ететін ғылыми және әдістемелік бағытта бірқатар қарама-қайшылықтар байқалады.

Мәселенің өзектілігі және осы қарама-қайшылықтардың шешімін талдау «Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1. «Көптілділік», «көптілді білім беру», «құзырет», «құзыреттілік»,

«кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәні нақтыланды.

2. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың заманауи кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары жүйеленді.

3. Мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны мен ЖОО-да білім беру бағдарламаларын жан-жақты талдау негізінде олардың өзара байланысы, сабақтастығы және дублин дескрипторлары негізінде педагог-психологтардың кәсіби қызметтері мен заманауи құзыреттіліктерінегізделді.

4. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденді.

5. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбында дайындалған үш бағытты (*тілдік, танымдық, психологиялық*) бағдарламасы жасалынып және ұсынылған заманауи құзыреттіліктердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмысында интегративті CLIL технологиясы шеңберінде сынақтан өткізілді.

Зерттеудің практикалық мәні: болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі ішінара жоғары білім беру жүйесінің тәжірибесіне енгізілді, зерттеу барысында қол жеткізген теориялық қағидалар мен тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңартуға арналған практикалық оқу материалдарын жасауға мүмкіндік берді. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбында дайындалған (үш бағыттағы: тілдік, танымдық, психологиялық) бағдарламасы, «English Club» бағдарламасы, психологиялық тренингтер ЖОО-колледж-мектеп жүйесінде тиімді болып табылады.

3. **Атабекова Бактыгүл Ботабековна.** Диссертация тақырыбы: «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту».

Ғылыми кеңесшілері:

Тұрғынбаева Ботагүл Алтаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Юсуф Будақ – доктор, профессор, Гази университеті, Анкара қ., Түркия Республикасы.

Рецензенттер:

Рысбаева Аршагуль Клышбековна – педагогика ғылымдарының докторы, Адамның үйлесімді даму институты «Бөбек» ҰҒП білім беру және сауықтыру орталығының профессоры;

Джандильдинов Медет Курмангазиевич - PhD доктор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, жалпы педагогика кафедрасының бағдарламалық көшбасшысы.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Зерттеудің көкейкестілігі. Бүгінде Қазақстан әлемнің озық отыз елінің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы және соған сәйкес әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайына байланысты жоғары оқу орындарында нарық талаптарына сай: өндіріс әлеміне еркін ене алатын, табысты әрекет етуге негіз болатын білім, білік, дағдылары қалыптасқан, ең бастысы тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа типін қалыптастыру міндеттерін алға қоюда.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» - деп білім саласының алдына зор міндет жүктегендігі белгілі.

Тәуелсіз еліміздің нарық экономикасына көшуімен байланысты жұмыс берушілер «кәсібилік» терминінің орнына көбіне «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын қолдана бастады. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау - кәсіби білім алу барысында жүзеге асатын жалпы қоғамдық іс. Сондықтан, оған деген жауапкершілік те жоғары оқу орындары және маман даярлауға қатысы бар әлеуметтік институттар арасында бірдей болуы тиіс. Бұл ретте диалог, ынтымақтастық, ұжымдық қауымдастық идеяларын практикада қолдану арқылы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамыту сияқты жаңа парадигмалық бағыттың туындауы заңдылық.

Педагогикалық лексиконда соңғы уақыттарда ғана қолданылып жүрген «Әлеуметтік серіктестік» ұғымының астарында, білімді басты құндылық ретінде қабылдайтын азаматтық қоғамның ерекше институт түсінігі жатыр. Білім берудегі әлеуметтік серіктестік білімге қатысы бар әртүрлі әлеуметтік институттардың (жұмыс берушілер, еңбекпен қамту орындары, кәсіподақтар, мәдениет, спорт мекемелері, ата-аналар т.б.) өзара әрекеттестігін көрсетеді. ЖОО мен аталған мекемелер арасындағы мұндай байланыс негізінде білім беру жүйесінің практикалық бағыттылыққа қарай өзгеруі орын алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні

1. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері айқындалды.

2. «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік», ұғымдары енетін зерттеудің түсініктік-терминологиялық өрісі кеңейтілді.

3. Әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесі талданды.

4. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

5. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамыту мақсатында еріктілерден құралған «Кемел» ресурстық орталығының Ережесі, жұмысының жоспары, әдістемесі әзірленіп, тәжірибеден өтті. ЖОО оқытушылары үшін «*Әлеуметтік серіктестік технологиясы*» атты ғылыми - практикалық құрал әзірленді.

Зерттеудің практикалық мәні болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамыту моделінің жасалуында, ресурстық орталық жағдайында қолдануға бағытталған педагогикалық эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде ғылыми ЖОО оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал әзірленуінде. Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ маман дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға бейімдей пайдалану мүмкіндігінің мол болатындығымен сипатталады.

4. Ресми рецензенттер жұмысын талдау(ең сапасыз пікір мысалдармен бірге)

2020 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін қорғататын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттар ғылыми зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды. Рецензенттер іріктеу кезінде ғылыми жетекшілер мен рецензенттер тіуелсіздік ұстанымы басшылыққа алынды. Рецензенттер пікірлері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің талаптарына және бекітілген Диссертациялық кеңес туралы ередесіне сәйкес рәсімделуі қадағаланғанды. Оларға алдын ала 15 күннен кешіктірмей пікір берулері қажеттігі және пікірде төмендегі жайттар кең түрде және нақты бейнеленуі керектігі ескертілген.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлкеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға шыққан докторанттардың барлығына рецензенттер оң пікірлері берілді. Сондай-ақ рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды. Алайда диссертациялар бойынша берілген ескертулер мен көрсетілген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген.

Есеп беріліп отырған кезеңде Томсон Рейтор, Скопус базаларында шетелдік салалық басылымдарда мақалалары жарық көріп үлгермегендіктен және ҚР БҒМ БҒС БК Q3-квартиль 25 процентильтен

кем болмауы қажеттігі туралы талабына байланысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 11. 6D010700 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша 2 қорғауға докторанттар шыққан жоқ. Барлығы 13 докторант.

5. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

1. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған кафедрадағы жетекшілеріне түлектерінің Томсон Рейтор, Скопус базаларына қатысты шетелдік басылымдарда мақалаларының өз уақытында жариялануын қадағалауды күшейту, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми–әдіснамалық көмек беру.

2. Қазіргі қоғам сұранысы мен уақыт талабына жауап беретін, нақты практикалық маңызы бар ғылыми зерттеулер жұмыстарының тақырыптарын таңдау және бекіту жұмыстарын өзектендіру.

6. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қаралған диссертациялар туралы мәліметтері

	Мамандық 6D010300 — Педагогика және психология	Мамандық «6D010700- Бейнелеу өнері және сызу»
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
Соның ішінде диссертациялық кеңес тарапынан алынып тасталған	-	-
Рецензенттердің теріс пікірінен алынған диссертациялар	-	-
Қорғаудың нәтижесі оң шешім қабылданған	4	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	1	-
Қорғаудың нәтижесі теріс шешім қабылданған	-	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-	-

Қорғалған диссертациялар жалпы саны	4	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	1	-

Диссертациялық жосынның төрағасы

Диссертациялық жосынның ғалым хатшысы



Handwritten signature in blue ink.

Handwritten number '4' in blue ink.